

"Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 28 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 сәуірде № 10818 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 853 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің 09.12.2016 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) № 853 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 138 -5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету" кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар министрлігінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Инвестициялар даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау және

әлеуметтік даму министрі

_____ Т. Дүйсенова

2015 жылғы 13 наурыз

Қазақстан Республикасы
Инвестиция және даму
министрінің міндетін атқарушы
2014 жылғы 20 қаңтардағы
№ 28 бұйрығымен бекітілген

"Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету" кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету" кәсіби стандарты білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде персоналды кәсіпорындарда оқыту, білім беру мекемелерінің қызметкерлері мен түлектерін сертификаттау, персоналды басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге арналған.

2. Осы кәсіби стандартта төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады :

1) әуе кемесі (ӘК) – жер бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

2) біліктілік – қызметкердің нақты еңбек функцияларын сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

3) біліктілік деңгейі – күрделілік, еңбек іс-қимылдарының стандарттан тыс болуы, жауапкершілік және дербестік параметрлері бойынша сараланатын қызметкердің даярлық деңгейі мен құзыретіне қатысты талаптар жиынтығы;

4) болжам (ауа райы) – белгілі бір уақыт немесе кезеңде белгілі бір аймақта немесе әуе кеңістігі бөлігінде күтілетін метеорологиялық жағдайлардың сипаттамасы;

5) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

6) негізгі топ – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлардың және жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының ортақтығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

7) кәсіби кіші топ – кәсіби қызмет саласының еңбек функцияларын және оларды орындау үшін қажетті құзыреттердің тұтас жиынтығынан қалыптастырылған кәсіптер жиынтығы;

8) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік, құзыреттер деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт.

9) кәсіп – арнайы даярлықтың нәтижесінде пайда болған және білімі туралы тиісті құжаттармен расталатын арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) метеорологиялық ақпарат – әуе кеңістігін пайдаланушыларға арналған нақты және күтілетін метеорологиялық жағдайларға қатысты метеорологиялық мәлімет, болжам және кез келген басқа хабарлама;

11) метеорологиялық бақылау – бір немесе бірнеше метеорологиялық элементтерді бағалау;

12) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

3. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

1) ӘК – әуе кемесі;

2) ДМҰ – Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым

3) БТБА – жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

4) 6) БА – басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілердің лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

5) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

6) КС – кәсіби стандарт

2. КС паспорты

4. КС атауы: Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету.

5. Қызметтің КС әзірлеудің мақсаты: әуе қозғалысын метеорологиялық қамтамасыз ету.

6. КС қысқаша сипаттамасы: азаматтық авиацияны метеорологиялық қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін және ұшуды қауіпсіз, тұрақты және тиімді орындауға көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қызметкерлерге арналған стандарт.

7. Негізгі топ: әуе көлігі саласындағы қызмет.

8. Кәсіби кіші топ: ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету.

3. Кәсіптердің карточкалары

9. Кәсіптердің тізбесі:

1) техник-метеоролог, СБШ бойынша 4 біліктілік деңгейі;

2) техник-аспапшы, СБШ бойынша 4 біліктілік деңгейі;

3) ауа райы инженері, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі;

4) инженер-метеоролог, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі;

5) байланыс инженері, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі;

6) инженер-электроншы, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі;

7) метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер-электроншы, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі.

8) инженер-аспапшы, СБШ бойынша 5 біліктілік деңгейі.

10. Кәсіптердің карточкалары осы кәсіби стандартқа Қосымшада келтірілген.

"Ұшуды авиациялық метеорологиялық
қамтамасыз ету" кәсіби стандартына
қосымша

"Техник-метеоролог" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	
Кәсіптің атауы	Техник-метеоролог
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білімнің жоғарылатылған деңгейі (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе
Еңбек функциялары	1) Әуеайлақтағы нақты ауа райына метеорологиялық бақылау жүргізу
	2) Тұтынушыларға әуеайлақтағы нақты ауа райы жағдайы туралы уақытылы мәлімдеу
	Біліктері мен дағдылары:
	1. Метеорологиялық бақылауды жүзеге асыру әдістемесін іс жүзінде қолдану
	2. Метеорологиялық бақылауды жүзеге асыру кезінде жабдықты, аспаптарды және құрал-саймандарды іс жүзінде пайдалану
	3. Метеорологиялық жағдайға үздіксіз мониторингті жүзеге асыру
	4. Авиацияның жұмыс істеуі үшін маңызды метеорологиялық құбылыстар мен параметрлерді бақылауды жүргізу және оларды тіркеуді жүзеге асыру
	5. Халықаралық қағидаларға, жергілікті процедуралар мен басымдықтарға сәйкес метеорологиялық ақпаратты сыртқы және ішкі пайдаланушыларға өздерінің жауапкершілік аймағына кіретін аудан мен әуе кеңістігі үшін метеорологиялық ақпаратты беруді жүзеге асыру
	Білімі:
	1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "
	Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз

1 еңбек функциясы Әуеайлақтағы нақты ауа райына метеорологиялық бақылау жүргізу	ету " 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Осы саладағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру әдістемелері 6. Метеорологиялық бақылауды жүзеге асыру кезінде қолданылатын жабдық, аспаптар мен құрал-саймандар
2 еңбек функциясы Тұтынушыларға әуеайлақтағы нақты ауа райы жағдайы туралы уақытылы мәлімдеу	Біліктері мен дағдылары: 1. Кешенді радиотехникалық автоматтандырылған метеорологиялық станцияның бағдарламалық жасақтамасын іс жүзінде қолдану 2. Есептеуіш техниканың, коммуникациялардың және байланыстың заманауи құралдарын іс жүзінде қолдану Білімі: 1. Кешенді радиотехникалық автоматтандырылған метеорологиялық станцияның жұмыс істеу принципі 2. Есептеуіш техниканың, коммуникациялардың және байланыстың заманауи құралдары
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу Жауапкершілік
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	техник-аспапшы, ауа райын болжау инженері, инженер-метеоролог, байланыс инженері, инженер-электроншы, метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер-электроншы, инженер-аспапшы
"Техник-аспапшы" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	
Кәсіптің атауы	Техник-аспапшы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	4
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білімнің жоғарылатылған деңгейі (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе
Еңбек функциялары	1) Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандарды дұрыс техникалық пайдалану және олардың үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыру мен қамтамасыз ету
	Біліктері мен дағдылары: 1. Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандарды жұмысқа дайындау, оның ішінде техникалық тескеру, параметрлерді бақылау. 2. Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандардың ақаулықтарын уақытылы жою Білімі:

1 еңбек функциясы Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандарды дұрыс техникалық пайдалану және үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету	1. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 2. Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандардың құрастырмалық ерекшеліктері мен жұмыс істеу принциптері 3. Метрология мен стандарттау саласындағы ережелер мен нұсқаулықтар 4. Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандарды тексеру әдістемелерінің негіздерін 5. Электротехника және электроника негіздері 6. Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтар 7. Техникалық құжаттаманы ресімдеу тәртібі 8. Ішкі еңбек тәртібі қағидалары
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Командада жұмыс істей білу
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	Техник-метеоролог, ауа райын болжау инженері, байланыс инженері, инженер-электроншы, метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер-электроншы, инженер-аспапшы
"Ауа райын болжау инженері" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	
Кәсіптің атауы	Ауа райын болжау инженері
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
Кәсіби білім деңгейі	"Инженер-метеоролог" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, практикалық тәжірибесі
Еңбек функциялары	1) Аэросиноптиктік материалды талдау негізінде метеорологиялық ақпаратты, оның ішінде әуеайлақ, ұшу аудандары мен алаңдары бойынша ауа райы болжамын және ӘК ұшу эшелонында ескертулерді дайындау 2) ӘК экипаждарына, әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына, іздестіру-құтқару қызметтерінің органдарына, әуежайлардың әкімшіліктері мен басқа әуе кемесі пайдаланушыларына метеорологиялық ақпаратты ұсыну 1) Мамандардың біліктілік деңгейін арттыру үшін халықаралық аэронавигацияға метеорологиялық қызмет көрсету бойынша оқу-әдістемелік сабақтарды өткізу 2) Метеорологиялық жағдайдың ӘК ұшуына әсері мәселелері бойынша анықтамалық-ақпараттық қызметтерді көрсету 3) Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету қызметінің кезекші ауысым мамандарының жұмысын үйлестіру
	Біліктері мен дағдылары: 1. Метеорологиялық жағдайдың ӘК ұшуына әсерін талдаудың негізінде осы саладағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету әдістемесін практикада пайдалану.

1 еңбек функциясы Аэросиноптиктік материалды талдау негізінде метеорологиялық ақпаратты, оның ішінде әуесайлақ, ұшу аудандары мен алаңдары бойынша ауа райы болжамын және ӘК ұшу эшелоныда ескертулерді дайындау	2. Метеорологиялық жағдайды талдау және оған үздіксіз мониторинг жүргізуді жүзеге асыру 3. Авиацияның жұмыс істеуі үшін маңызды метеорологиялық құбылыстар мен параметрлердің болжамын жасау 4. Авиация қызметі үшін қауіпті ауа райы құбылыстары туралы ескертулерді жасау 5. Болжамдары талдау және дайындау үшін жедел спутниктік және радиолокациялық деректерді падалану 6. Метеорологиялық ақпарат пен қызмет көрсету сапасын қамтамасыз ету 7. Халықаралық қағидаларға, жергілікті процедуралар мен басымдықтарға сәйкес метеорологиялық ақпаратты сыртқы және ішкі пайдаланушыларға өздерінің жауапкершілік аймағына кіретін аудан мен әуе кеңістігі үшін метеорологиялық ақпаратты беруді жүзеге асыру Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Осы саладағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру әдістемелері
2 еңбек функциясы ӘК экипаждарына, әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына, іздестіру-құтқару қызметтерінің органдарына, әуежайлардың әкімшіліктері мен басқа әуе кемесі пайдаланушыларына метеорологиялық ақпаратты ұсыну	Біліктері мен дағдылары: 1. Халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес метеорологиялық құжаттаманы ресімдеу 2. Кәсіби қызмет саласында қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау және өндеудің компьютерлік әдістерін білу Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Авиациялық қамтамасыз ету саласындағы метеорологиялық

	құжаттаманы толтыру және ресімдеу бойынша ережелер мен нұсқаулықтар 6. Авиациялық метеорология саласындағы нұсқаулар, нұсқаулықтар және кодтар
3 еңбек функциясы Мамандардың біліктілік деңгейін арттыру үшін халықаралық аэронавигацияға метеорологиялық қызмет көрсету бойынша оқу-әдістемелік сабақтарды өткізу	Біліктері мен дағдылары: 1. Халықаралық аэронавигацияға метеорологиялық қызмет көрсету жөніндегі мамандардың біліктілік деңгейін арттыру сабақтарына арналған оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу 7. Халықаралық аэронавигацияға метеорологиялық қызмет көрсету жөніндегі мамандардың біліктілік деңгейін арттыру бойынша оқу-әдістемелік сабақтардың жоспарын жасау Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Осы саладағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру әдістемелері
4 еңбек функциясы Метеорологиялық жағдайдың ӘК ұшуына әсері мәселелері бойынша анықтамалық-ақпараттық қызметтерді көрсету	Біліктері мен дағдылары: 1. Метеорологиялық жағдайдың ӘК ұшуды орындауына әсерін талдау 2. Азаматтық авиация саласындағы пайдаланушылармен ақпараттық-коммуникациялық өзара әрекеттесу Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері.
	Біліктері мен дағдылары: 1. Техникалық, қаржылық және адами факторларды ескере отырып, өндірістік қарым-қатынастар мен басқару принциптерінің негіздерін іс жүзінде қолдану

5 еңбек функциясы Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету қызметінің кезекші ауысым мамандарының жұмысын үйлестіру	2. Кәсіпорында белгіленген талаптардың, қолданыстағы нормалардың, қағидалар мен стандарттардың, қауіпсіздік техникасы қағидаларының, санитарлық-гигиеналық нормалардың және өртке қарсы қауіпсіздік нормаларының сақталуын бақылау Білімі: 1. Еңбекті ұйымдастыру мен басқару негіздері 2. Еңбек заңнамасының негіздері 3. Еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өз бетінше жұмыс істей білу Ұйымдастырушылық қабілеті Командада жұмыс істей білу
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	техник-метеоролог, техник-аспапшы, инженер-метеоролог, байланыс инженері, инженер-электроншы, метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер-электроншы, инженер-аспапшы
"Инженер-метеоролог" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	Инженер-метеоролог
Кәсіптің атауы	5
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	
Кәсіби білім деңгейі	"Инженер-метеоролог" мамандығы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, практикалық тәжірибесі
Еңбек функциялары	1) Нақты ауа райын метеорологиялық бақылауды ұйымдастыру және тұтынушыларға деректерді беру
	2) Метеорологиялық бақылаулардың технологиясының сақталуын және жұмыс құжаттамасын ресімдеуді бақылау
	3) Метеорологиялық бақылау мамандарының біліктілік деңгейін арттыру үшін оқу-әдістемелік сабақтарды өткізу
	4) Кезекші метеорологиялық бақылау ауысымы мамандарының жұмысын үйлестіру
	Біліктері мен дағдылары:
	1. Осы саладағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес нақты ауа райын метеорологиялық бақылауды жүзеге асыру әдістемелерін қолдану
	2. Нақты ауа райын метеорологиялық бақылаулардың сапасын қ а м т а м а с ы з е т у
	3. Халықаралық қағидаларға, жергілікті процедуралар мен басымдықтарға сәйкес метеорологиялық ақпаратты сыртқы және ішкі пайдаланушыларға өздерінің жауапкершілік аймағына кіретін аудан мен әуе кеңістігі үшін метеорологиялық ақпаратты беруді жүзеге асыру.
	4. Метеорологиялық бақылауды жүзеге асыру кезінде жабдықты , аспаптарды және құрал-саймандарды іс жүзінде пайдалану
	5. Метеорологиялық жағдайға үздіксіз мониторингті жүзеге а с ы р у
	6. Авиацияның жұмыс істеу үшін метеорологиялық құбылыстар мен параметрлердің жұмыс істеуі үшін маңызды бақылауларды жүргізу және оларды тіркеуді жүзеге асыру 7. Халықаралық қағидаларға, жергілікті процедуралар мен басымдықтарға сәйкес метеорологиялық ақпаратты сыртқы

1 еңбек функциясы Нақты ауа райын метеорологиялық бақылауды ұйымдастыру және тұтынушыларға деректерді беру	және ішкі пайдаланушыларға өздерінің жауапкершілік аймағына кіретін аудан мен әуе кеңістігі үшін метеорологиялық ақпаратты беруді жүзеге асыру Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Осы саладағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес метеорологиялық бақылауларды жүзеге асыру әдістемелері 6. Орындалатын жұмыс мәселелері бойынша директивалық және өкімдік құжаттар, әдістемелік және нормативтік материалдар 7. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы нормативтік құқықтық құжаттама
2 еңбек функциясы Метеорологиялық бақылаулардың технологиясының сақталуын және жұмыс құжаттамасын ресімдеуді бақылау	Біліктері мен дағдылары: 1. Метеорологиялық бақылау деректерін талдау және әуе кемелерінің экипаждарына, әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына, іздестіру-құтқару қызметтерінің органдарына, әуежайлардың әкімшіліктері мен аэронавигацияны жүзеге асыру немесе дамытумен байланысты басқа органдарға арналған ақпараттың негізінде оны қалыптастыру. 2. Халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес метеорологиялық құжаттаманы ресімдеу. 3. Кәсіби қызмет саласында қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін білу Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Авиациялық метеорология саласындағы нұсқаулар, нұсқаулықтар және кодтар

	6. Метеорологиялық құжаттаманы толтыру және ресімдеу бойынша ережелер мен нұсқаулықтар
3 еңбек функциясы Метеорологиялық бақылау мамандарының біліктілі деңгейін арттыру үшін оқу-әдістемелік сабақтарды өткізу	1. Метеорологиялық бақылау жөніндегі мамандардың біліктілік деңгейін арттыру сабақтарына арналған оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу 2. Мамандардың біліктілік деңгейін арттыру бойынша оқу-әдістемелік сабақтардың жоспарын жасау Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қ о с ы м ш а с ы ; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Осы саладағы халықаралық және мемлекеттік стандарттарға сәйкес метеорологиялық бақылауларды жүзеге асыру әдістемелері 6. Халықаралық мемлекеттік стандарттарға сәйкес ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету әдістемесі 7. Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз ету мәселелері бойынша директивалық және өкімдік құжаттар, әдістемелік және нормативтік материалдар
4 еңбек функциясы Кезекші метеорологиялық бақылау ауысымы мамандарының жұмысын үйлестіру	Біліктері мен дағдылары: 1. Техникалық, қаржылық және адами факторларды ескере отырып, өндірістік қарым-қатынастар мен басқару принциптерінің негіздерін іс жүзінде қолдан. 2. Кәсіпорында белгіленген талаптардың, қолданыстағы нормалардың, қағидалар мен стандарттардың, қауіпсіздік техникасы қағидаларының, санитарлық-гигиеналық нормалардың және өртке қарсы қауіпсіздік нормаларының сақталуын бақылау Білімі: 1. Еңбекті ұйымдастыру мен басқару негіздері 2. Еңбек заңнамасының негіздері 3. Еңбекті қорғау қағидалары мен нормалары
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өз бетінше жұмыс істей білу Ұйымдастырушылық қабілеті Командада жұмыс істей білу
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	Техник-метеоролог, техник-аспапшы, ауа райы болжамы инженері, байланыс инженері, инженер-электроншы, метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер-электроншы, инженер-аспапшы
"Байланыс инженері" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	

Кәсіптің атауы	Байланыс инженері
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім
Еңбек функциялары	1) Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесінің бағдарламалық кешенінің жұмыс істеуі үшін қажетті байланыс арналарын ұйымдастыру және сүйемелдеу 2) Кәсіпорынның байланыс құралдарын, оның ішінде аналогтық және цифрлық телефония, радиожелі құралдарын ұйымдастыру және техникалық сүйемелдеу 1) Кәсіпорынның жергілікті деректерді тарату желісіне кіруді ұйымдастыру 2) Жоспарлы экономикалық қызмет
1 еңбек функциясы	Біліктері мен дағдылары: 1. Сымды және цифрлық байланыс арналарын жобалау және құру 2. Кәсіби қызмет саласында қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау және өндеудің компьютерлік әдістерін білу 3. Коммуникациялық технологиялар саласындағы озық тәжірибені пайдаланумен ғылым мен техниканың қазіргі заманғы жетістіктерін енгізу Білімі: 1. Қазақстан Республикасының байланыс, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілер 2. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 3. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялық саласындағы құжаттаманы толтыру мен ресімдеу жөніндегі халықаралық және мемлекеттік стандарттар, техникалық талаптар, ережелер мен нұсқаулықтар 4. Заманауи ақпараттық-коммуникациялық жүйелерді ұйымдастыру принциптері 5. Кәсіби қызмет саласында қолданылатын ақпаратты жинау, сақтау және өндеудің компьютерлік әдістері
2 еңбек функциясы	Біліктері мен дағдылары: 1. Байланыс желілерін, оның ішінде аналогтық және цифрлық телефония, қысқа толқынды және ультрақысқа толқынды радиожелі құралдарын ұйымдастыру және құру 2. Байланыс елісін жобалауды білу 3. Заманауи байланыс құралдар мен технологияларын енгізуді білу Білімі: 1. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілері 2. Байланыс саласындағы құжаттаманы толтыру мен ресімдеу

	жөніндегі халықаралық және мемлекеттік стандарттарды, техникалық талаптарды, ережелер мен нұсқаулықтар 3. Заманауи байланыс құралдары мен технологиялары
3 еңбек функциясы Кәсіпорынның жергілікті деректерді тарату желісіне кіруді ұйымдастыру	Біліктері мен дағдылары: 1. Жұмыс станциясын/серверді пайдалану бойынша шектеулерді белгілеу 2. Желілік жабдықтың және желілік бағдарламалық жасақтаманың ақаулықтарын анықтау 3. Деректерді тарату желісінің мониторингі 4. Желілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету (желіге заңсыз кіруден қорғау) Білімі: 1. Қазақстан Республикасының байланыс саласындағы негізгі нормативтік құқықтық актілері 2. Жергілікті есептеуіш техниканы сүйемелдеу бойынша халықаралық және мемлекеттік стандарттарды, техникалық талаптарды, ережелер мен нұсқаулықтар 3. Техникалық құжаттаманы ресімдеу тәртібі
4 еңбек функциясы Жоспарлы экономикалық қызмет	Біліктері мен дағдылары: 1. Ақпаратты, техникалық деректерді, жұмыс көрсеткіштері мен қорытындыларын талдау, оларды жалпылау және жүйелендіру, қажетті есептерді жүргізу 2. Деректерді тарату желісінің инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу 3. Қабылданатын және іске асырылатын шешімдердің кешенді негіздемесімен, жұмыстарды орындау циклын қысқарту мүмкіндігін зерттеумен техникалық-экономикалық талдау 4. Қысқа уақыт аралығына және келешекке күнтізбелік жоспарлау Білімі: 1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға жарамдылық нормалары 2. Техникалық есептеулерді жүргізу және зерттеулер мен әзірлемелердің экономикалық тиімділігін анықтау әдістемелері 3. Жоспарлау негіздері 4. Экономика негіздері
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Бастамашылдық, жұмысқа шығармашылық тұрғыдан кірісу Өз бетінше жұмыс істей білу Жауапкершілікті сезіну Командада жұмыс істей білу Ғылымның дамуы және өзгеремелі әлеуметтік практика жағдайында жиналған тәжірибені қайта бағалау, өзінің мүмкіндіктерін талдау қабілеті Қазіргі заманғы ақпаратты білім беру технологиясын пайдалана отырып, жаңа білім алуды білу
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	техник-метеоролог, техник-аспапшы, ауа райын болжау инженері, инженер-метеоролог, инженер-электроншы, метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер-электроншы, инженер-аспапшы
"Инженер электроншы" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	

Кәсіптің коды	
Кәсіптің атауы	Инженер электроншы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім
Еңбек функциялары	1) Электрондық жабдықтың дұрыс техникалық пайдаланылуын, үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету 2) Автоматтандырылған жұмыс орындарына лицензиялық бағдарламалық жасақтаманы орнату 3) Жоспарлы экономикалық қызмет
1 еңбек функциясы Электрондық жабдықтың дұрыс техникалық пайдаланылуын, үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету	Біліктері мен дағдылары: 1. Электрондық жабдықты жұмысқа дайындау, оның ішінде жеке құрылғылар мен түйіндерді техникалық тексеру, жабдық блоктарының параметрлері мен сенімділігін бақылау 2. Ақауларды уақытылы анықтау және оларды жою үшін электрондық жабдықты тестілеуді жүргізу 3. Электрондық техникаға қызмет көрсетуді ұйымдастыру 4. Электроника саласындағы заманауи ғылым және техника жетістіктерін енгізуді білу Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға жарамдылық нормалары 6. Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі стандарттарды, техникалық талаптарды, ережелерді және нұсқаулықтар 7. Заманауи ақпараттық-есептеуіш жүйелерді ұйымдастыру принциптері
2 еңбек функциясы Автоматтандырылған жұмыс орындарына лицензиялық бағдарламалық жасақтаманы орнату	Біліктері мен дағдылары: 1. Нысандандырылған бағдарламалау тілдерін пайдалану 2. Математикалық қамтамасыз ету және бағдарламалау әдістерін қолдану Білімі: 1. Ақпараттандыру саласындағы құжаттаманы толтыру мен ресімдеу жөніндегі халықаралық және мемлекеттік стандарттарды, техникалық талаптарды, ережелер мен нұсқаулықтарды білу

	2. Техникалық ақпарат тасығыштардың түрлерін білу 3. Қолданыстағы есептеу, шифрлау мен кодтау жүйелерін білу 4. Стандартты бағдарламалар мен пәрмендерді білу
3 еңбек функциясы Жоспарлы экономикалық қызмет	Біліктері мен дағдылары: 1. Ақпаратты, техникалық деректерді, жұмыс көрсеткіштері мен қорытындыларын талдау, оларды жалпылау және жүйелендіру, қажетті есептерді жүргізу 2. Ақпаратты өңдеу мен сақтаудың электрондық жүйелерінің инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу 3. Қабылданатын және іске асырылатын шешімдердің кешенді негіздемесімен, жұмыстарды орындау циклын қысқарту мүмкіндігін зерттеумен техникалық-экономикалық талдау 4. Қысқа уақыт аралығына және келешекке күнтізбелік жоспарлау дағдысы Білімі: 1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға жарамдылық нормалары 2. Техникалық есептеулерді жүргізу және зерттеулер мен әзірлемелердің экономикалық тиімділігін анықтау әдістемелері 3. Жоспарлау негіздері 4. Экономика негіздері
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өз бетінше жұмыс істей алу Командада жұмыс істеу Сендіре білу Проблемаларды тиімді шешу
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	Техник-метеоролог, техник-аспапшы, ауа райын болжау инженері, инженер-метеоролог, байланыс инженері, метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер-электроншы, инженер-аспапшы
"Метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер электроншы" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	
Кәсіптің атауы	Метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер электроншы
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім
Еңбек функциялары	1) Метеорологиялық радиолокациялық жабдықты дұрыс техникалық пайдалануды ұйымдастыру және қамтамасыз ету 2) Жоспарлы экономикалық қызмет
	Біліктері мен дағдылары: 1. Метеорологиялық радиолокациялық жабдықты, оның ішінде жеке құрылғылар мен түйіндерді техникалық тексеру, жабдық блоктарының параметрлері мен сенімділігін бақылау 2. Ақауларды уақытылы анықтау және оларды жою үшін Метеорологиялық радиолокациялық жабдықты тестілеуді жүргізу 3. Метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсетуді ұйымдастыру

1 еңбек функциясы Метеорологиялық радиолокациялық жабдықты дұрыс техникалық пайдалануды ұйымдастыру және қамтамасыз ету	4. Электроника саласындағы заманауи ғылым және техника жетістіктерін енгізуді білу Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға жарамдылық нормалары 6. Метеорологиялық радиолокациялық жабдықтың аппараттық және бағдарламалық құралдарының жұмыс істеуімен архитектурасы принциптерін білу 7. Метеорологиялық радиолокациялық жабдықтың техникалық пайдалану сипаттамаларын, метеорологиялық радиолокациялық жабдықтың жұмыс істеу режимдерін, оны техникалық пайдалану қағидаларын білу
2 еңбек функциясы Жоспарлы экономикалық қызмет	Біліктері мен дағдылары: 1. Ақпаратты, техникалық деректерді, метеорологиялық радиолокациялық жабдықтың жұмыс көрсеткіштері мен қорытындыларын талдау, оларды жалпылау және жүйелендіру 2. Метеорологиялық радиолокациялық жабдықтың инфрақұрылымын дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу 3. Қабылданатын және іске асырылатын шешімдердің кешенді негіздемесімен техникалық-экономикалық талдау 4. Қысқа уақыт аралығына және келешекке күнтізбелік жоспарлау дағдысы Білімі: 1. Техникалық есептеулерді жүргізу және зерттеулер мен әзірлемелердің экономикалық тиімділігін анықтау әдістемелері 2. Жоспарлау негіздері 3. Экономика негіздері 4. Техникалық құжаттаманы ресімдеу тәртібі
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өз бетінше жұмыс істеу Командада жұмыс істей білу Қарым-қатынас жасай білу дағдысы
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	Техник-метеоролог, техник-аспапшы, ауа райын болжау инженері, инженер-метеоролог, байланыс инженері, инженер-электроншы, инженер-аспапшы
"Инженер-аспапшы" КӘСІБІНІҢ КАРТОЧКАСЫ	
Кәсіптің коды	
Кәсіптің атауы	Инженер-аспапшы

СБШ бойынша біліктілік деңгейі	5
Кәсіби білім деңгейі	Техникалық және кәсіби білімнің жоғарылатылған деңгейі (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе
Еңбек функциялары	1) Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандарды дұрыс техникалық пайдалану және үздіксіз жұмысын ұйымдастыру мен қамтамасыз ету 4) Жоспарлы экономикалық қызмет
1 еңбек функциясы Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандарды дұрыс техникалық пайдалану және үздіксіз жұмысын ұйымдастыру мен қамтамасыз ету	Біліктері мен дағдылары:: 1. Ақауларды уақытылы анықтау және оларды жою маскатында метеорологиялық аспаптар мен құрал-сайманды тестілеуді жүргізу 2. Метеорологиялық аспаптар мен құрал-сайманға техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен өткізу 3. Кәсіпорынның метеорологиялық жабдығының құрамына кіретін өлшеу құралдарын мемлекеттік тексеруді ұйымдастыру 4. Метеорологиялық жабдық саласындағы заманауи ғылым және техника жетістіктерін енгізуді білу. Білімі: 1. Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға "Халықаралық аэронавигацияны метеорологиялық қамтамасыз ету" 3 - қосымшасы; 2. ДМҰ №49 техникалық регламенті; 3. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 15 шілдедегі Заңы; 4. Қазақстан Республикасының 15-шілде 2010-жылғы "Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңының 15-бабының 26-тармақшасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы өкілетті органымен бекітілетін Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясын метеорологиялық қамтамасыз ету ережелері. 5. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға жарамдылық нормалары 6. Метрология мен стандарттау саласындағы нормативтік құқықтық құжаттаманы, техникалық талаптарды, ережелер мен нұсқаулықтарды 7. Метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандарды тексеру әдістемелері 8. Ұшуды авиациялық метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі стандарттар, техникалық талаптар, ережелер мен нұсқаулықтар
2 еңбек функциясы Жоспарлы экономикалық қызмет	Біліктері мен дағдылары: 1. Ақпаратты, техникалық деректерді, метеорологиялық аспаптар мен құрал-саймандардың жұмыс көрсеткіштері мен қорытындыларын талдау, оларды жалпылау және жүйелендіру 2. Кәсіпорынның құрал-саймандық және аспаптық базасын дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу 3. Қысқа уақыт аралығына және келешекке күнтізбелік жоспарлау дағдысы Білімі:

	1. Техникалық-экономикалық есептеулерді жүргізу негіздері 2. Жоспарлау негіздері 3. Экономика негіздері 4. Техникалық құжаттаманы ресімдеу тәртібі
Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар	Өз бетінше жұмыс істеу Жауапкершілік. Жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануға дайын болу Командада жұмыс істей білу
СБШ шеңберінде басқа кәсіптермен байланысы	Техник-метеоролог, техник- аспапшы, ауа райын болжау инженері, инженер-метеоролог, байланыс инженері, инженер-электроншы, метеорологиялық радиолокациялық жабдыққа қызмет көрсету жөніндегі инженер электроншы
Кәсіби стандарттың техникалық деректері	
Әзірледі	"Personnel Recruitment Center "Career-Holdings" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Нұсқаның нөмірі мен шыққан жылы	1-нұсқа, 2014 жыл
Болжамды қайта қарау күні	2017